



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

9 қараша 2023 жыл

№ 832 – ЦЗ

Астана қаласы

город Астана

### Қағиданы бекіту туралы

2018 жылғы 17-18 мамырда Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің алпыс сегізінші отырысында бекітілген Меншік жүк вагондарын пайдалану және нөмірлік есепке алу қағидасының талаптарын сақтау және меншік жүк вагондарын теміржол станцияларына тіркеу тәртібін белгілеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Магистральдық теміржол желілері бойынша жүктерді тасымалдауға арналған меншік жүк вагондарын магистральдық теміржол желісінің тізбесіне кіретін теміржол станцияларына тіркеу қағидасы бекітілсін.
2. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарының басшылары аталған Қағиданың талаптарына сәйкес жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.
3. «Қағиданы бекіту туралы» 2020 жылғы 13 қарашадағы №733-ЦЗ бұйрығының күші жойылды деп танылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау «ҚТЖ-Жүк тасымалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бас директоры (Басқарма Төрағасы) В.В.Петровка жүктелсін.

**Өндірістік процестер жөніндегі  
басқарушы директор**

**Б.Орынбасаров**



Орынд. Таныркулова С.О. - ГПВ-РВ  
+ 7 (7172) 60-32-15



«Қазақстан темір жолы»  
ұлттық компаниясы»  
акционерлік қоғамының  
Басқарма Төрағасының орынбасарының  
2023 жылғы 8 қарашада  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген

**Магистральдық теміржол желілері бойынша жүктерді тасымалдауға  
арналған меншік жүк вагондарын магистральдық теміржол желісінің  
тізбесіне кіретін теміржол станцияларына тіркеу қағидасы**

**1.0 редакциясы**

|  |  |
|--|--|
| Құжаттар тобы:   | операциялық құжаттама  |
| Әзірлеуші:   | «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС<br>«Тасымалдау процесін ұйымдастыру<br>дирекциясы» филиалының вагон<br>шаруашылығы департаменті |
| Құжатты талдауға және оған<br>өзекті сипат беруге жауапты: | «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС<br>«Тасымалдау процесін ұйымдастыру<br>дирекциясы» филиалының вагон<br>шаруашылығы департаменті |

**Астана қ. - 2023 ж.**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Магистральдық теміржол желілері бойынша жүктерді тасымалдауға арналған меншік жүк вагондарын магистральдық теміржол желісінің тізбесіне кіретін теміржол станцияларына тіркеу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) 2018 жылғы 17-18 мамырда Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің алпыс сегізінші отырысында бекітілген Меншік жүк вагондарын пайдалану және нөмірлік есепке алу қағидасының (2022 жылғы 8 желтоқсандағы жетпіс жетінші отырысында бекітілген өзгерістер мен толықтырулармен) талаптарына сәйкес меншік жүк вагондарын теміржол станцияларына тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Қағида «ҚТЖ» ҰК» АҚ магистральдық теміржол желілері бойынша жүктерді тасымалдауға арналған вагондардың иелерімен магистральдық теміржол желісінің тізбесіне кіретін теміржол станцияларына меншік жүк вагондарын тіркеумен байланысты мәселелер бойынша өзара қарым-қатынастарын реттейді.

3. Осы Қағида Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде жүк вагондарын иеленетін тұлғаларға тиесілі жүк вагондарына қолданылады.

## 2. Ұғымдар мен қысқартулар

4. Осы Қағидада келесі негізгі ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

|                      |  |
|----------------------|--|
| ТӘ АЕО ВБ АДБ        | теміржол әкімшіліктерінің ақпараттық-есептеу орталығының вагондар бойынша автоматтандырылған деректер базасы |
| «ҚТЖ» ҰК» АҚ         | «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы   |
| вагондарды тіркеу    | магистральдық теміржол желісі тізбесіне енгізілген теміржол станцияларына меншік жүк вагондарын тіркеу       |
| вагондардың иесі     | меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде жүк вагондары бар тұлға                                     |
| қарап тексеру актісі | белгіленген нысандағы меншік жүк вагондарының техникалық жай-күйін комиссиялық қарап тексеру актісі          |
| ДС                   | станция бастығы  |
| ПТО                  | вагондарды техникалық қарап тексеру пункті   |
| ВЧД                  | вагон пайдалану депосы   |

### **3. Вагондарды станцияларға тіркеу тәртібі**

5. Вагондарды тіркеу бұрын «ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржол станцияларына тіркелмеген вагондарды ТӘ АЕО ВБ АДБ-да тіркеу және ТӘ АЕО ВБ АДБ-да қайта тіркеу (тіркеу станциясын ауыстыру, вагондардың меншік иесін өзгерту, жалға беру, мүкәммал паркінен сатып алынған меншік жүк вагондарын тіркеу) кезінде орындалады.

Тіркеу вагон жасау кәсіпорындарынан, сондай-ақ ҚР резиденттеріне вагондарды өткізуді жүргізетін ҚР қаржы ұйымдарынан басқа, болжамды тіркеу станциясы бойынша вагондардың меншік иесінде/жалға алушысында жеке/жалға алынған кірме жол болған кезде жүзеге асырылады.

6. Вагондарды станцияларға тіркеуге келесі жағдайларда:

- белгіленген тәртіппен жүк операцияларын орындау үшін станция ашық болмайтын;

- станция халықаралық мемлекеттік түйісу пункттеріне, теміржол шекаралық өткелдеріне және порт маңындағы теміржол станцияларына қатысты тыйым салынады.

7. Вагондарды тіркеу вагондарды тіркеудің болжамды станциясында жасалған қарап тексеру актісі, сондай-ақ ДС жазбаша келісімі негізінде орындалады.

### **4. Вагонның техникалық жай-күйін қарап тексеруді жүргізу тәртібі**

8. Вагондардың иесі меншік жүк вагондарының техникалық жай-күйіне комиссиялық қарап тексеру жүргізу үшін вагондар тіркелетін ДС-ға жазбаша өтініммен жүгінеді.

9. ДС осы Қағиданың 5-6 тармақтарының шарттарының сақталуына көз жеткізіп, 5 жұмыс күні ішінде ВЧД басшысының немесе ПТО басшысының және вагондар иесінің уәкілетті өкілінің қатысуымен комиссия жұмысын ұйымдастырады.

10. Вагондардың иесі қарап тексеру нәтижелері бойынша қарап тексеруге барлық қатысушылардың қолдары қойылатын және мөрімен куәландырылатын қарап тексеру актісін жасайды. ДС қарап тексеру актісін «Вагондарды тіркеу үшін» деген бедерлі мөрмен куәландырады. Вагондардың меншік иесіне өтінімге сәйкес вагондарды тіркеуге ДС-дан жазбаша рұқсат беріледі.

11. Тексеру актісі 4 данада жасалады, актінің бір данасы станцияның істерінде сақталады, екінші данасы ВЧД басшысына немесе ПТО басшысына беріледі, үшіншісі – вагондардың иесіне, төртіншісі ДС-дан вагондарды тіркеуге жазбаша рұқсатты қоса бере отырып, ТӘ АЕО ВБ АДБ-да тіркеу/қайта тіркеу үшін құжаттарға қоса беріледі.

12. Вагондардың техникалық жай-күйін комиссиялық қарап тексеру келесі шарттар сақталған кезде тіркеу станциясында жүргізілмеуі мүмкін:

- тіркеу станциясы бастығының рұқсатының болуы;
- осы станцияда вагон шаруашылығы қызметкерлерінің болуы.

13. ДС, ВЧД/ПТО басшысы құзыреті шегінде қарап тексеру актісінде көрсетілген ақпараттың дұрыстығы үшін жауапты болады.

---



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

9 ноября 2023 года

№ 832 – ЦЗ

Астана қаласы

город Астана

### Об утверждении Правил

В целях установления порядка приписки собственных грузовых вагонов к железнодорожным станциям и соблюдения требований Правил эксплуатации и пономерного учета собственных грузовых вагонов, утвержденных на шестьдесят восьмом заседании Совета по железнодорожному транспорту государств-участников Содружества 17-18 мая 2018 года, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемые Правила приписки собственных грузовых вагонов, предназначенных для перевозки грузов по магистральным железнодорожным сетям, к железнодорожным станциям, входящим в перечень магистральной железнодорожной сети.

2. Руководителям структурных подразделений и филиалов товарищества с ограниченной ответственностью «КТЖ – Грузовые перевозки» обеспечить организацию работы согласно требованиям указанных Правил.

3. Признать утратившим силу приказ от 13 ноября 2020 года №733-ЦЗ «Об утверждении Правил».

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на Генерального директора (Председателя Правления) товарищества с ограниченной ответственностью «КТЖ – Грузовые перевозки» Петрова В.В.

**Управляющий директор  
по производственным процессам**

**Б.Урынбасаров**



Исп. Таньркулова С.О. ГПВ-РВ  
+ 7 7172 603215



Утверждены  
приказом заместителя  
Председателя Правления акционерного  
общества «Национальная компания  
«Қазақстан темір жолы»  
от 8 ноября 2023 года № 832-1/3

**Правила  
приписки собственных грузовых вагонов, предназначенных для перевозки  
грузов по магистральным железнодорожным сетям, к железнодорожным  
станциям, входящим в перечень магистральной железнодорожной сети**

**Редакция 1.0**

|  |   |
|--|---|
| Группа документов:                                   | операционная документация   |
| Разработчик:   | департамент вагонного хозяйства<br>филиала ТОО «КТЖ-Грузовые<br>перевозки» - «Дирекция по<br>организации перевозочного<br>процесса» |
| Ответственный за анализ и<br>актуализацию документа: | департамент вагонного хозяйства<br>филиала ТОО «КТЖ-Грузовые<br>перевозки» - «Дирекция по<br>организации перевозочного<br>процесса» |

**г. Астана, 2023 г.**

## 1. Общие положения

1. Настоящие Правила приписки собственных грузовых вагонов, предназначенных для перевозки грузов по магистральным железнодорожным сетям, к железнодорожным станциям, входящим в перечень магистральной железнодорожной сети (далее – Правила) определяют порядок приписки вагонов к железнодорожным станциям в соответствии с требованиями Правил эксплуатации и пономерного учета собственных грузовых вагонов, утвержденных на шестьдесят восьмом заседании Совета по железнодорожному транспорту государств - участников Содружества 17-18 мая 2018 года (с изменениями и дополнениями, утвержденными на семьдесят седьмом заседании от 8 декабря 2022 года).

2. Правила регулируют взаимоотношения АО «НК «КТЖ» с владельцами вагонов, предназначенных для перевозок грузов по магистральным железнодорожным сетям, по вопросам, связанным с припиской собственных грузовых вагонов к железнодорожным станциям, входящим в перечень магистральной железнодорожной сети.

3. Действие настоящих Правил распространяется на грузовые вагоны, принадлежащие лицам, владеющим грузовыми вагонами на праве собственности или иных законных основаниях, являющимися резидентами Республики Казахстан.

## 2. Понятия и сокращения

4. В настоящих Правилах используются следующие основные понятия и сокращения:

|                  |  |
|------------------|--|
| АБД ПВ ИВЦ ЖА    | автоматизированная база данных по вагонам информационно-вычислительного центра железнодорожных администраций             |
| АО «НК «КТЖ»     | акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»   |
| приписка вагонов | приписка собственных грузовых вагонов к железнодорожным станциям, входящим в перечень магистральной железнодорожной сети |
| владелец вагонов | лицо, владеющее грузовыми вагонами на праве собственности или иных законных основаниях                                   |
| акт осмотра      | акт комиссионного осмотра технического состояния собственных грузовых вагонов установленной формы                        |
| ДС               | начальник станции  |
| ПТО              | пункт технического осмотра вагонов   |
| ВЧД              | эксплуатационное вагонное депо   |



### **3. Порядок приписки вагонов к станциям**

5. Приписка вагонов выполняется при регистрации в АБД ПВ ИВЦ ЖА вагонов, ранее не приписанных к железнодорожным станциям АО «НК «КТЖ», и перерегистрации в АБД ПВ ИВЦ ЖА (смена станции приписки, изменение собственника вагонов, передача в аренду, регистрация собственных грузовых вагонов, приобретенных из инвентарного парка).

Приписка осуществляется при наличии собственного/арендованного подъездного пути у собственника/арендатора вагонов по предполагаемой станции приписки, кроме вагоностроительных предприятий, а также финансовых организаций РК, производящих реализацию вагонов резидентам РК.

6. Запрещается приписывать вагоны к станциям:

- не открытым в установленном порядке для выполнения грузовых операций;
- относящимся к международным государственным стыковым пунктам, железнодорожным пограничным переходам и припортовым железнодорожным станциям.

7. Приписка вагонов выполняется на основании акта осмотра, составленного на предполагаемой станции приписки вагонов, а также письменного согласия ДС.

### **4. Порядок проведения осмотра технического состояния вагона**

8. Владелец вагонов обращается с письменной заявкой к ДС приписки вагонов для проведения комиссионного осмотра технического состояния собственных грузовых вагонов.

9. ДС, удостоверившись в соблюдении условий пунктов 5-6 настоящих Правил, в течении 5 рабочих дней организует работу комиссии с участием руководителя ВЧД или руководителя ПТО и уполномоченного представителя владельца вагонов.

10. По результатам осмотра владельцем вагонов составляется акт осмотра, подписываемый и заверяемый печатью всех участников осмотра. ДС заверяет акт осмотра печатью с оттиском «Для регистрации вагонов». Собственнику вагонов выдается письменное разрешение от ДС на приписку вагонов, согласно заявке.

11. Акт осмотра составляется в 4 экземплярах, один экземпляр акта хранится в делах станции, второй экземпляр передается руководителю ВЧД или руководителю ПТО, третий – владельцу вагонов, четвертый с приложением письменного разрешения от ДС на приписку вагонов – прикладывается к документам для регистрации/перерегистрации в АБД ПВ ИВЦ ЖА.

12. Комиссионный осмотр технического состояния вагонов может быть произведен не на станции приписки при соблюдении следующих условий:

- наличие разрешения начальника станции приписки;
- наличие на данной станции работников вагонного хозяйства.

13. ДС, руководитель ВЧД/ПТО несут ответственность за достоверность информации, отраженной в акте осмотра в пределах компетенции.

---